

ТУУЫ

ИТETIНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ЭЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

густ Сенбі

жеке саны 20 тыйын.
Шыруына 33 жыл

ЧЕРНОВИЦЫ. Облыс ауыл шаруашылығының колхозшылары мен механизаторлары масақты күздік дақылдарды жыйнау аяқтады. Өткен жылғыра қарағанда егін орағының мерзімі үш күн қысқартылды.

Ондаған колхоздар тамаша өнім алды.

Кишман ауданындағы Хрушев атындағы колхоз күздік егін мол өнім алды. Бұл колхоздағы Мыкытюка жолдастық бригадасы 42 гектар күздік егістің әрбір гектарынан 28 центнерден өнім алды.

Кельменец ауданындағы Жданов атындағы және Вагутин атындағы колхоздар күздік егістің, арпаның гектарынан 25—30 центнерден өнім алуда.

ЛЕВ ТОЛСТОЙ (Рязань облысы). Лев Толстой ауданының жерінде бірде-бір өзен немесе орман жоқ. Қуанышымен аңызға бұл жерде жер шаруашылығына үлкен нұқсав келтіретін.

Өткен жылы мемлекет тарапынан үлкен көмек көрсетілді, колхоздардың механизмдермен және құрылыс материалдарымен жабдықталуы нәтижесінде егін алаңдарын суландыру жөнінде үлкен жұмыстар жүргізілді. Қазір колхоздар суландырылған жерлердің әрбір гектарынан 12—16 центнерден күздік және жаздық бидайлар алуда.

Егін алаңдарын суландыру облыстың далалық 13 ауданында да кенінен өрістетілген.

7 август (СОТА).

саяси-Барлық комбайн егін жыйнауға толық қосылып, олардың қуаты сарқа пайдаланылатын болсын!

шіліктерді дереу арасындағы саяси-өрісін кең, дәре-стыруға міндетті. ардың егін жыйнау жұмыстарын сізде-мкіншіліктер орасан-зінің практикалық мүмкіншіліктердің оны толық пайдалан-ет.

кемелері мен саяси тарату қоғамының ы өздерінің жұмыс-мен астық дайындау-рине сай ұйымдасты-ындағы колхозшы-дар үшін көшпелі-церттер, лекциялар-Сондай-ақ егінші-

Преснов мал совхозында

Преснов мал совхозында быйыл 4 мың гектардан аса дәнді және майлы дақылдар жыйналуға тиіс. Бұл сыяқты зор көлемді жұмысқа совхоз коллективі ойдағыдай әзірлік жасады.

Егін пісі. № 2 фермада егін жыйнауға 4 комбайн бірден қосылды. Алғашқы күндері кейбір комбайншылар егінді жоғары орған еді. Қазір бұған жол берілмейтін болды. Комбайншы Павел Войтенко, Семен Чириков және Михаил Свиначев жолдастар егін жыйнауға күнделікті тапсырманы үнемі 160 проценттен орындап жүр.

Комбайнмен бастырылған астық орталық қырманға жеткізіледі де, дереу жұмысталып, дайындау орнына жіберіледі. Мемлекетке алғашқы жүздеген пұт астық тапсырылды.

Күздік егіннен кейін бидай да пісі. Жұмыс көп, уақыт тұжырымды. Осыған байланысты, совхоз коллективі егін жыйнауға 35 жұмыс күні ішінде аяқтау

Жаңа табыстар үшін күрес

Колхоздың егін көлемі жыл сайын артып келеді. Быйыл 3165 гектар егін орталы отырмыз. Егіннің көлемі артумен бірге, алынатын өнім де молайып отыр. Быйыл да бітік егін өсірдік. 400 гектардай егіннен 100 пұттан өнім алатынымыз сөзсіз.

Егінді ысырапсыз жыйнап алуға бізде мүмкіншілік жеткілікті. Қазір егін орауға 7 комбайн қосылды. Комбайншы М. Евсеев жолдас алғашқы күннен бастап, күнделікті тапсырманы біржарым еседен орындай бастады. Комбайншы Г. Алексеев жолдас та «Сталинец — 6» комбайнымен тапсырманы үнемі артығымен орындауда. Комбайннан түскен астықты тасуға 21 арба бөлінді. Бұлар комбайннан түскен астықты бөгетсіз тасыйды. Егін орауға комбайннан басқа 4 лобогрейка қостық. 4 августтан бастап жаздық бидайды ора бастадық. Комбайннан түскен астықты қолма-қол тазалап, алғашқы күні мемлекетке 300 пұттан астық жөнелттік.

Астықты ысырапқа ұшыратпай, жауын-шашынға тигізбей жыйнап алу үшін 5 жабық қырман жасалды. Астық өлшейтін таразыларды тәртіпке келтірдік. Астық тазалайтын 12 машинаның барлығының екі емені жұмыс істеуі үшін адам күші жеткілікті бөлінді. Сондай-ақ бір механикаландырылған астық тазартқыш бар. Бұлардың бәрімен тәулігіне 600 центнер астық тазалаймыз.

Біз астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындаймыз. Ол үшін астық тасуға үздіксіз қатысып, күн сайын дайындау орнына кемінде 300 центнер астық жеткізілуін қамтамасыз етеміз.

Бұған колхоз мүшелерінің көсеміміз Сталин жолдасқа берген сөтті мұлтсіз орындау жолында қажырлы еңбек етіп жүргендіктері кеніл.

Ф. КОНСТАНТИНОВ,

Конюхов ауданы, «Красная крепость» колхозының председатели.

Халықтық демократия елдерінде

Герман Демократиялық Республикасындағы социалистік жарыс

БЕРЛИН, 6 август. (СОТА). Герман Демократиялық Республикасында социализм негіздерін құру туралы ГСБП-ның екінші конференциясының тарихи қарарлары республика еңбекшілері арасында жаппай патриоттық қозғалыс туғызды. Өнім шығаруды арттыру, оның сапасын жақсарту және өзіндік бағасын кеміту жолындағы социалистік жарысқа жеке жұмысшылар да, сондай-ақ, кәсіпорындарының бүкіл коллективтері де қосылуда.

Баспасөз Герман Демократиялық Республикасының әртүрлі аудандарындағы социалистік жарыстың барысы туралы көптеген материалдарды көрнекті орындарға жариялауда. Осы хабарлардың ішінде Фюрстенберг цемент заводы коллективінің республика цемент өнеркәсібі қызметкерлерін жаппай социалистік жарыс бастауға шақырған үндеуі бар. Цемент өнеркәсібінің қызметкерлері август айында бұдан бұрынғы айларға қарағанда өнімді 38,5 процент арттыруға міндеттенген.

Рослау кеме жасаушылары еңбек өнім-

луына аудандық партия комитеттері еі-нәлі екенін атап айтуымыз керек. Өйткені, бірсыпыра аудандық партия комитеттері тек шаруашылық мәселелермен ғана айналысып, еңбекшілер арасындағы саяси-бұқаралық жұмысты елемейді. Бұл жөнінде бастауыш партия ұйымдарына көмегесіп, оларға қатаң талап қоймайды.

Егін жыйнау мен астық дайындау, — ауылшаруашылық жұмыстарының жауапты кезеңі. Ол ырғалып-жырғалуды көтермейді.

Сондықтан колхоз партия ұйымдары

жоғары болуы үгітшілер құрамына байланысты. Сондықтан партия ұйымдары үгітшілердің кеңестерін кезінде өткізіп, нұсқау беріп отырумен бірге, оларға қатаң талаптар қоюы керек. Жақсы үгітшілердің іс тәжірибелерін басқаларға үнемі насихаттап отыру қажет.

Ауыл-село үгітшілері! Саяси-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетіп, колхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшыларын, механизаторларды егін даласында қажырлы еңбек етуге, сөйтіп, егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын ойдағыдай өткізуге жұмылдырайық!

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінде

Астық дайындаудың озаттарын жазу үшін республикалық және облыстық газеттерде „Құрмет тақталарын“ белгілеу туралы

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті қаулы етті:

1. Колхоздар мен совхоздардың мемлекетке астықты мерзімінен бұрын тасыру жөнінде Сталин жолдасқа жазылған хатта алған міндеттемелерін орындау жолындағы социалистік жарысын онан әрі өрістетуге мақсатымен, астық дайындаудың озаттарын жазу үшін республикалық және облыстық газеттерде «Құрмет тақталары» белгіленсін.

2. Астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындаған, өздерін күзгі және көктемгі егіс үшін дөңді және басқа ауыл шаруашылық дақылдарының тұқымдарымен толық қамтамасыз еткен аудандар, облыстар, совхоз трестері және астық сов-

хоздары, комбайнмен егін жыйнау және МТС-тің жұмысы үшін ақы төлеу жоспарын мерзімінен бұрын орындаған МТС-тер Қазақ ССР ауыл шаруашылығы Министрлігінің, Қазақ ССР совхоздар Министрлігінің және ССР Одағы дайындау Министрлігінің Қазақ ССР-ндегі өкілінің ұсынуы бойынша республикалық «Құрмет тақтасына» жазылатын болсын.

Облыстық «Құрмет тақталарына» өздеріне берілген астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындап, өздерін тұқыммен қамтамасыз еткен колхоздар мен совхоздар жазылады. Бұларды облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, совхоз тресті және дайындау министрлігінің облыстық өкілі ұсынады.

Қазақтың кен-металлургия институтын бітіріп шыққан жас мамандар

Быйыл Қазақтың кен-металлургия институты 200 инженер, металлург, кенші, геолог және басқа мамандар әзірлеп шығарды.

Оқу бітіріп шыққандардың жазған диплом жобаларының көпшілігінің практика-

лық зор маңызы бар.

Жас мамандар Қарағанды көмір бассейніне, Жезқазған, Ертіс мыс қорыту, Әске мен мырыш заводтарына, Лениногорскінің рудниктеріне жұмысқа жіберілді.

(ҚазТАГ).

та үсті-үстіне үден түсті. Сөйтіп, бұл күні 30 гектар орнына, 37 гектар жердің егіні жыйналды. Осындай қажырлы еңбектің, асқан белсенділіктің нәтижесінде Дямиш жолдасын комбайн агрегаты аз уақыттың ішінде 150 гектар жердің егінін жыйнап, 800 центнер астық бастырды.

Т. БЫЧКОВА.

жұмысты алғашқы күндерден бастап өрістетті.

Бірақ, Соколов МТС-і жөнінде бұл пікірді айта алмаймыз. Өйткені, МТС басшылары, еңалдымен, оның директоры Драгомиров және аға механигі Вологодский жолдастар комбайндардың деркесін де жөндеудің қамтамасыз ете алмады.

таң уақыттық жағдай Соколов әбден пікірді жапп сөз. Не дегені бұл отыр.

Бүкілқазақстандық алтыншы спартакиада

ЖАРЫСТЫҢ ҮШІНШІ КҮНІ

АЛМАТЫ, 6 август. (ҚазТАГ). 5 августа жеңіл атлеттердің жарысы одан әрі созылды. Ерлер мен әйелдер үшін ең қысқа қашықтық—100 метрге финалдық жүгіру болды. Әйелдерден Г. Лысенко (Алматы) ең жақсы нәтижеге ие болды. Ерлердің ішінен жүзметрлік қашықтықты бәрінен тез өткен осы команданың өкілі Ф. Григораш.

Үш сағылы секіруден алматылық Ф. Цыгельник (13 метр) жеңді.

800—400—200—100 метрлік эстафетаға старт берілді. Ең үлкен кезеңді жақсы қарқынмен өткен алматылық Е. Кодякин болды. Ол эстафета таяқшасын В. Руцкийге берді. Өздерінің кезеңдерін Ф. Григораш пен А. Бескровный да өте тез өтті, сөйтіп, алматылық жеңіл атлеттер командасы эстафетаны 3 минут 23,6 секунд уақытпен ұтты. Сонымен, бұдан үш жыл бұрын тағайындалған Қазақстан рекорды жанартылды.

Ядро итеруден сынауда В. Карулина (Алматы) жеңді. Оның нәтижесі —11 метр 18 сантиметр. Одан семейлік спортшы Г. Горбатенконың лақтырған ядросы 46 сантиметр кейін түсті. Сырықпен секіруден бірінші орынды С. Качаев (Алматы) жеңіп алды.

Бірінші—төртінші орындар үшін таласқан Жамбыл және Қарағанды облыстарының футболшылар арасында қызу ойын болды. Екі жақтың қақпалары алдында қатерлі жағдайлар болды, бірақ, стадион башнясында кездесудің ақырына дейін 0:0 деген цифрлар қалып отырды. Бесінші — сегізінші орындар үшін таласқан Солтүстік Қазақстан және Қызылорда командалары ойыны солтүстіктіктердің жеңісімен бітті. Есеп 2:0. Тоғызыншы—онекінші орындар үшін таласқан Батыс Қазақстан және Алматы облысы спортшыларының арасындағы кездесу 2:2 болып, аяқталды.

Алғашқы финалдық ойынға қатысуының төрт командадан —Алматының баскетболшылары Оңтүстік Қазақстанның командасын жеңді, ал, Алматы облысының спорт-

шылары азғана басым күшпен қарағандылықтарды жеңді. Жамбыл облысының әйелдерден құрылған баскетбол командасы Алматының әйелдер баскетболшыларынан жеңіліп қалды.

Волейболдан алғашқы финалдық ойынға қатысушы төрт команданың кездесуі болды. Алматының волейболшылары үш ойында актөбеліктерді жеңді, ал, шығыс қазақстандықтар 3:2 есебімен Солтүстік Қазақстанның командасын жеңді. Қарағандының волейболшы әйелдері Алматының спортшы әйелдерінен жеңілді.

Жүзгіштердің жарысы қызықты өтті. Олар 200 метрлік қашықтыққа брасс әдісімен жүзуден сынасты. Бір рет жүзуде ең күштілер—З. Гуков (Солтүстік Қазақстан) және республиканың бірнеше рет чемпионы болған В. Морозов (Алматы) кездесті. Алматылықтан бір ондық секунд бұрын Гуков финишке келді. Гурьевтік спортшы Г. Канцева тамаша табысқа жетті. Ол 200 метрлік қашықтықты 3 минут 34,9 секундта —республиканың чемпионы және рекордшысы Н. Федосеевадан 5,6 секунд бұрын жүзіп өтті.

28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы паркте ауыр атлеттер жарысты. Орталық салмақты штангшілер ішінен таңдаулысы алматылық Г. Лобанов болды. Екінші орында—А. Шубин (Қарағанды).

Орта салмақтылар ішінен бірінші болған Н. Горбенко (Алматы). Ол 107,5 килограмм көтеріп, рекордтық нәтижеге жетті. Атап көрсете кету керек, Қазақстанның бұрынғы рекордын 1947 жылы кәзір 100 және 200 метрге жүгіруден Совет Одағының чемпионы және рекордшысы, XV олимпиадалық ойындардың бәйгесін алған штангшісі В. Сухарева жасаған болатын.

Іле тас жолының 43-километрінде 105 спортшы—велосипед жарысына қатысушылар сапка тұрды. Әйелдер старт алды. Оларға 25 километрден өту керек. 46 минут 44 секунд өтті, сөйтіп, фиништен алматылық М. Глушаница өтті. Ерлер жүзкілолық шеберлікті және жоғары тездімділікті батыс қазақстандық велосипедші А. Цверков көрсетті. Ол ең жақсы уақыт 3 сағат

метрлік 4 минуттың қысқасы болды.

Кешкегілік құрбаны болды.

Жары жалпықанда Алматының үшінші көблицасы ген Акүрының Ж

АЛМАТЫ шілер зтылай сынасты Штангшілік мыл, ш Бұдан бастады шағылы ді. Рес алынды Н. М

көтеруд нәтиже публикаты спорт кордты ді.

Ауыр жамбы атын бтан жа отырды дада С дін іші тылық тан оз. Штанг рішіші оры тиві.

Жары тикада тылды жеткіл

МЫСЫ

Ұйымдастырушылық

ЫЛСЫН

партия

бөлімінің
2—3
де- бір рет
жұмысымыз
алынған
ды жасай
ік комитеті
нің меңгерушісі
біздің сөзін
Самұратов
нақты бас
е отырып
р жылнау-

колхозының
т шаруашы-
арға көмегі
ның жұмы-
ық ауыл
ерушісі Мә-
а қолданбай

аудандық
ыш партия
басшылық

рылар це-
Кожаметов
комитетінің
лардың озат
у, рациона-
іріске елгі-
яның әділ
кретарлары

— Партия ұйымдары, — деді аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Гайсин жолдас, — адам санасындағы капитализм қалдықтарына қарсы ойдағыдай күрес жүргізе алмай келеді. Соның салдарынан ауданымызда байшылық-феодалдық әдет-ғұрыптарды қоздырушылық фактілері кездесіп жүр. Коммунист Бейсенев («Арал-ағаш» колхоз партия ұйымынан) жааы толмаған қызын оқудан қол үзіп, еріксіз тұрмысқа шығармақшы болған. Бастауыш партия ұйымы ескі әдет-ғұрыпты қоздырып жүрген Бейсеновқа бұл жат қылығы үшін ескерту жариялаумен тала тлынған. Ал, аудандық партия комитеті партия ұйымының қаулысымен келісіп, ымырашылдыққа салынып отыр. Осы фактінің өзі аудандық комитеттің байшылық -феодалдық әдет-ғұрыптарды қоздырушылармен батыл күрес жүргізе алмай отырғанын дәлелдейді.

Аудандық комсомол комитетінің секретары Сагержанова жолдас аудан комсомол ұйымының жұмысында әлі де болса елеулі кемшіліктер бар екенін, бастауыш партия ұйымдары комсомол ұйымдарына нақты басшылық жасамайтынын атап көрсетті.

Делегаттар Ахметов және Бейсенбаев жолдастар аудан колхоз, совхоздарының өмірін жете білмейтіндігі, олардың жұмыстары жөнінде үстірт жазатындығы үшін аудандық «Социалистік еңбек» және «Социалистический труд» газеттерін орында сынады.

Конференция делегаттарын Сартомар МТС директорының саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары Омаров жолдастың сөзі қанағаттандырмады. Ол өз жұмысы-

Онбесінші халықаралық олимпиаалық ойындардың қорытындылары туралы

«Правда» мен «Известия» тілшілерінің онбесінші халықаралық олимпиаалық ойындарда болған совет спорт делегациясының басшысы Н. Н. Ромашовпен әңгімесі

«Правда» мен «Известияның» тілшілері онбесінші халықаралық олимпиаалық ойындарда болып, Хельсинкиден қайтып келген совет спорт делегациясының басшысы Романов жолдасқа жолығып, аяқталған олимпиаалық ойындардың қорытындыларын айтып беруді сұрады.

Н. Н. Романов мынаны хабарлады: 19 июльден 3 августқа дейін өткізілген онбесінші халықаралық олимпиаалық ойындар олимпиаалық жарыстар өткізіліп келген барлық уақыттың ішіндегі ең зор ойындар болды. Олимпиаалық спорт жарыстарына 70 елден келген 7 мыңға жуық спортшылар мен спортшы әйелдер қатысты.

Олимпиаалық ойындардың программасында спорттың мынадай түрлерінен жарыстар өткізілді: жеңіл атлетика, гимнастика, классикалық және еркін күрес, бокс, ауыр атлетика, баскетбол, футбол, атыс спорты, суда жүзу, суға секіру, су полосы, академиялық және байдаралық есу, велосипед спорты, сайысу, ат спорты, желкен спорты, жарыстың кәзіргі замандағы бес түрі және шөп үстіндегі хоккей ойыны.

Онбесінші олимпиаалық ойындардың өзгешелігі ондағы спорт шеберлігінің жоғары дәрежелігінде болды. Бұл ойындарға дүние жүзінің ең күшті спортшылары қатысты.

Шетел баспасөзінің бірауыздан атап айтқанындай, олимпиаалық ойындарға Совет Одағы спортшыларының қатысуы бұл ойындарға жұртшылықтың назарын анағұрлым арттырып, жарыстарға халықаралық зор маңыз берді.

Совет делегациясының құрамында 384 спортшы мен спортшы әйел болды, олар олимпиаалық ойындардың программасында көрсетілген, шөп үстіндегі хоккейден басқа, спорттың барлық түріндегі жарыстарға түгел қатысты.

Совет спортшылары аяқталған олимпиаалық ойындарда ірі табысқа жетті. Олар 2 дүниежүзілік, 3 еуропалық және 11 Бүкілодақтық рекордтар жасады. Совет спортшылары 106 олимпиаалық медаль, соның ішінде 38 алтын медаль, 53 күміс медаль және 15 қола медаль жеңіп алды.

Совет гимнастары мен гимнасткалары олимпиаалық ойындарда дүниежүзілік шеберліктің үлгілерін көрсетті. Онбесінші олимпиаалық ойындардың гимнастика

(40,3 секунд) Бүкілодақтық жаңа табыс болды. Совет спортшылары: 400 метр жерге жүгірген А. Игнатевтің, 400 метр жерге кедергілерден қарғып жүгірген Ю. Литувеннің, 80 метр жерге кедергілерден қарғып жүгірген Мария Голубничаның, 200 метр жерге жүгірген Надежда Хныкинаның, жүгіріп келіп алға ескіруде Александра Чудинаның қол жеткен табыстары Бүкілодақтық рекордтар болып табылады.

Ленинградтың қайық есушісі 22 жастағы Юрий Тюкалов академиялық есу жөніндегі жарыста тамаша жеңіске жетті. Тюкалов ұзындығы екі мың метр жердегі борінен де бұрын озып шығып, алтын медаль жеңіп алды. Академиялық есу жарыстарында басқа совет спортшылары табысқа жетті. Екі кісілік қайықпен есуде екінші орын алған Жилин мен Емчукке күміс медальдар берілді. Серіз кісілік қайықпен есіп жеңіп шыққан Браго, Родионкин, Комаров, Борисов, Амратов, Гиссен, Самсонов, Крюков және Поляков (рудь ұстаушы) күміс медальдар алды.

Совет спортшылары атыс спорты бойынша бірінші орынға шықты. Анатолий Богданов әскери винтовкадан атуда олимпиаалық жаңа рекорд жасады. 300 метр қашықтықтан үш түрлі жағдайда атқанда, оған мүмкін болған 1200 ұпайдан 1123 ұпай алды. Анатолий Богданов алтын медальмен наградталды. Борис Андреев шағын калибрлі винтовкадан ату жарысында күміс медаль жеңіп алды.

Олимпиаалық ойындарында совет баскетболшыларының командасы жақсы ойнады.

Олимпиа ойындарында совет баскетболшыларының командасы жақсы ойнады. Бұл команда Бразилияның, Уругвайдың, Чилдің ең күшті командаларын жеңіп шығып, екінші орын алды. Команданың құрамында болған И. Лысов, О. Коркин, С. Бутаускас, А. Конев, К. Петкявичус, И. Куллам, Ю. Лагуновичус, Н. Джорджки, Х. Крусс, В. Власов, А. Мойсеев, Ю. Озеров күміс медальдармен наградталды.

Біздің футболшыларымыз, велосипедшілеріміз, суда жүзушілеріміз және су полосы жөніндегі командалық олимпиаалық ойындарда өздерінің мүмкіндік шамасынан едәуір нашар ойнады. Ат спорты, сайысу және желкен спорты жөніндегі спортшылардың нәтижелері төмен болды.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНИҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 7 август. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 7 августа былай деп хабарлады:

Халық армиясының құрамалары өткен күні барлық майдандарда қорғаныс ұрыстарын жүргізумен болды.

Бүгін Халық армиясының зениттік артиллерия бөлімдері және жау самолеттерінің атып атушылар бейбіт елді аудандарды бомбалауға және пулеметтен оқ жауду руга қатысқан дұшпанның үш самолетін атып түсірді, екі самолетін зияндады.

ИМПЕРИАЛИСТЕРДІҢ «ОРТА-ШЫҒЫС КОМАНДОВАНИЕСІН» ТОПТАСТЫ РУДАҒЫ ЖАҢА ӘРЕКЕТІ

БЕЙРУТ, 6 август. (СОТА). Египеттің «Аль-Ахбар» газетінің тілшісі былай деп хабарлайды: ағылшынның әскери және саяси сарапшылары жасаған орта шығысты «қорғаудың» жаңа жобасы әзірлігінің бірінші кезеңі аяқталды. Тілшінің сөзіне қарағанда, Египет пен басқа да араб елдері уақытша бұл жобадан тыс қала тұрады.

Жоба Англияның жоғарғы саяси институттарының қарауына тапсырылған ал, оның көшірмесі Франция мен АҚШ үкіметтеріне жіберілген. Үш батыс мемлекет бұл жобаны мақұлдағаннан кейін ағылшын әскери сарапшылары оны АҚШ талап еткендей, үстіміздегі жылдың аяғына дейін жүзеге асыру жөніндегі нақтылы шараларды қолданады.

Тілші былай деп жазады: бұл жобаның «принципінде бұрынғы төрт жақты ұсыныстан айырмасы жоқ» (яғни АҚШ-тың, Англияның, Францияның және Түркияның ұсыныстары—Ред).

Токіоның ықпалды «Ниппон таймс» газеті де осындай шағым білдірді. Өзінің мақаласында осы газеттің редакторы Мурата Жапониядағы одақтық оқушылар

ведді. Өткен жылы мемлекетке астық тапсыру жоспары 120 процент орындалды. Быйыл егіс көлемі бұрынғыдан 6.252 гектар көбейді. Аудан қоғамдық өнімді мұқият шаруашылығын еркендетудің үшжылдық жоспарын аяраймен орындап, Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын сыйлыққа алды.

Дегенмен, аудандық комитеттің секретары Камалетдинов жолдастың есепті баяндамасында және жарыссөзге шығып сөйлеген делегаттардың сөздерінде атап көрсетілгендей, аудандық партия комитеті колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтуда және басқа мәселелерді шешуде ең басты мәселе—қалрларды іріктеп алу, орналастыру және оларды тәрбиелеу ісіне көте көңіл аудармады. Аудандық комитет Ионов, Спиридонов, Игнатовский сияқты бұрын бір колхозды басқара алмай, маскүнемдікке салынған адамдарды екінші бір колхоздарға председателдікке жіберіп, өлкен қателік жасады.

Аудандық комитет өткен VI партия конференциясының қаулысын орындап, колхоз председателдерінің тұрақты семинарларын ұйымдастырмады. Бұл жөнінде делегат Аяканов жолдас аудандық комитетті әділ сынады.

—Есепті баяндамада,—деді ол,—оқылған баяндамалар мен лекциялар жөнінде оп цифрлар айтылды. Бірақ, колхоз председателдері, біздер үшін оқылған баяндамалар мен лекцияларды мен естіген емеспін. Мұны аудандық комитет те айтпеген.

Делегаттардың сөзі колхоздардың кірісігі де болса төмен екенін, ауылшаруашылық артелінің Уставы көп жерлерде бұзыланып отырғанын көрсетті. Облыстық партия комитеті Полудень аудандық партия комитетінің Уставын бұзушыларға

ал, аудандық Совет атының председателі Марков жолдасты қызметтен босатқан болатын. Алайда, ауданда күні бүгінге дейін артель Уставын бұрмалау фактілері жойылған жоқ. Қазіргі өзінде колхоздардың 69 бас малы, 31.480 сом ақшасы әркімнің қолында жүр.

—Артель Уставының бұзылуына,—деді делегат Петренко жолдас,—алдымен, аудандық партия комитетінің бюросы винәлі. Өйткені, бюро мүшелері Марков және Авдеев жолдастардың өздері қоғам дәулетіне көл сұқты.

Насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Галиев жолдас,—деді делегат Скопенко,—бізге нақтылы, қысқа түсінікті нұсқау бере алмайды. Насихатшы Катаяв жөнінде де осыны айту керек. Быйыл біз Катаяев жолдаспен келісіп, совхоз клубына 300-ден астам адамды шақырдық. Бірақ, Катаяев жолдас уәделі күнінде келмеді. Совхоз жұмысшылары қымбатты уақытын босқа өткізіп, тарап кетті.

Аудандық басшы, партия, совет қызметкерлерінен Обьедкова, Богданчиков, Майоров жолдастар еңбекшілер бұқарасы үшін баяндама жасап, лекция оқудан қол үзген.

Аудан мәктептерінде оқу-тәрбие жұмысының жайы айтарлықтай емес. Оқытушылар құрамының 27 процентінде орта дәрежелі педагогикалық білім жоқ. Осының салдарынан аудан бойынша әрбір бес оқушының бірі сабақты үлгері алмай кетеді.

Ауданда кейбір басшы қызметкерлердің өздері ескінің шырмауынан арыла алмай келеді. Аудандық милиция бөлімінің бастығы Белденев, аудандық прокурор Тельбергенов жолдастар өз семьяларындағы ауру адамдарды дәрігерлерге емдетудің орнына, үйлеріне бақсы-балғамерді шақырып, соларға «емдеткен». Бұлардың жат

уыш партия ұйымдары секретарьларын іріктеп алу, тәрбиелеу мәселесіне жете көңіл бөлмеді. Тек осының салдарынан бұрын маскүнемдікке салынып, бірнеше жауапты қызметті атқара алмаған Новоселов дегеннің соңғы кезде партия ұйымының секретары болып істеуіне жол берілді.

—«Прогресс» колхозы партия ұйымында,—деді делегат Волощенко жолдас,—үш ай бойы партия жыйналысы өтпеді. Ұйымдары 15 коммунистен небағы 2-ақ адам партиялық тапсырма атқарады. Міне, сондықтан да бұл колхозда артель Уставын бұрмалау фактілерінің орын алуы кездейсоқ мәселе емес. Партия ұйымының секретары Тянченко, селозық Советтің председателі Бондаченко, селозық тұтынушылар одағының председателі Залипянский колхоз, кооператив мүшктерін талап-таражға салған. Олар өздерінің қылмыстарын көрсеткен коммунистерге қысым жасады. Аудандық партия комитеті мұндай төзгісіз фактіні кезінде ашпады.

Жарыссөзде барлығы 25 делегат сөйледі.

Конференцияның жұмысына облыстық партия комитетінің бюро мүшесі Максимов жолдас қатысты.

Конференция аудандық партия комитетінің есепті баяндамасы бойынша тиісті қаулы алды. ҚК(б)П аудандық комитетінің және оның тексеру комиссиясының жаңа құрамын, облыстық партия конференциясына делегаттар сайлады.

* * *

ҚК(б)П аудандық комитетінің болып өткен бірінші пленумы ұйымдастыру мәселесін қарап, аудандық партия комитетінің секретарьлары етіп, Камалетдинов, Баренко және Башкатова жолдастарды сайлады.

Б. МАРАЛБАЕВ.

алтын медальдармен, Николай Саксонов пен Григорий Новак күміс медальдармен, Аркадий Воробьев — қола медальмен наградталды.

Совет спортшылары жеңіл атлетика жөніндегі жарыстарда бірсыпыра сыйлық алатын орындарға не болды. Совет спортшылары Нина Ромашкова, Елизавета Багрянцева, Нина Думбадзе диск лақтыруда дүние жүзінде теңдесі жоқ ең күшті шеберлер екенін көрсетті. Нина Ромашкова дискіні 51,42 метр жерге лақтырып, олимпиялық жана рекорд жасады, сөйтіп, алтын медаль алды. Елизавета Багрянцева екінші орын алып, күміс медальмен наградталды. Үшінші орын алған Нина Думбадзе қола медальмен наградталды.

Галина Зыбина ядро итеруде дүниежүзілік жана рекорд жасады. Ол ядроны 15 метр 28 сантиметр жерге итерді. Леонид Шербаков үш қайтара секіруде европалық жана рекорд жасады.

Лев Калаяевтің, Леван Санадзениң, Борис Токаревтің және Владимир Сухаревтің 4x100 эстафета жарысындағы нәтижелері

қан спортшыларына, ағы күндерінде де суди берді.

Дурыс болған күнде және кейбір басқа ел жарыстың барлық түр-түрлі күнәсіне бәйгі. Бұл күмәсіне.

Жалпы алғанда олар әртүрлі елдердің спортшынымақты нығайтуға дүң бейбітшілік пен жігерін көрсетті.

Финляндияның олимпия ұйымдастырушылары м ойындардың тәртіппен пен өтуі үшін барлық тудырғанын айта кету спорт делегациясының арқылы онбесінші олимпия өткізу жөніндегі Финлятыру комитетіне олар ұйымдастырғаны үшін

(«Пр

00 Футбол

Тең ойын

Жуырда Смирнов поселкесінде Смирнов футболшылары мен Киров атындағы астық совхозы футболшыларының жолдас-тық кездесуі болды.

Ойынның 42-ші минутында Смирнов командасының футболшылары есеп ашты. Сөйтіп, ойынның бірінші жартысы 1:0 есебімен смирновтықтардың пайдасына шешілді.

Ойынның екінші жартысында совхоз футболшылары инициативаны өз қолдарына алып, есепті теңестірді, ал, 30 минут өткеннен кейін алаң иелерінің қыс-

пасынан екінші доп өт секунд уақыт қалғанда сының футболшысы Р. жақ шеттен шабуыл етіп теңгерді.

Футболшылардың өз йынша ойынның 10 мину басталды. Киров совхоз футболшылары шебер

3-ші минутында жаңадан Ойын 3:3 есебімен аяқт

К. ӘИ

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын

«Б» ОПЕРАЦИЯСЫ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» ки

Бүгін және күн сайын

«МАСКАР

Сеанстар сағат 8-10-д

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСНАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Казак ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етіп